

Аудандық мәслихаттың (V шақырылған, кезектен тыс XLVIII сессиясы) 2015 жылғы Ақтоғай 17 қыркүйектегі "Аудандық мәслихаты аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" № 204/48 шешімінің күшін жою туралы

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 238/55 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабының 5-тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы Ақтоғай 17 қыркүйектегі (V шақырылған, кезектен тыс XLVIII сессиясы) "Аудандық мәслихаты аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" № 204/48 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылдың 2 қазанда № 4739 болып тіркелген, 2015 жылдың 17 қазандағы "Ауыл тынысы" газетінің № 41, "Пульс села" газетінің № 41 жарияланған) шешімінің күші жойылған деп есептелсін.

2. Осы шешім аудандық "Ауыл тынысы" және "Пульс села" газеттерінде жариялансын.

3. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Л. Дисенова

Мәслихат хатшысы

Т. Мұқанов